



**БҰЙРЫҚ**

13.06.2024

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 165

город Астана

**«Қазақстанның интеллектуалдық әлеуеті»  
тақырыбында оқушылар ғылыми қоғамы  
қалалық конкурсын өткізу туралы**

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 13 маусымдағы №1017 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының педагогикалық шеберлік және ұйымаралық жобалар бөлімінің басшысы А.Д.Садвакасова 2024 жылдың 13 маусымында «Қазақстанның интеллектуалдық әлеуеті» тақырыбында оқушылар ғылыми қоғамы қалалық конкурсын (бұдан әрі-Конкурс) аталған орталықтың базасында өткізуді ұйымдастырсын.

2. Конкурстың қазылар алқасы құрамы келісімге сәйкес бекітілсін (қосымша-2) және қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған мамандардың сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.Хамитова 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары З.Капбасоваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева